

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Бағалы қағаздардың биржалық
сауда-саттық Ережесіне

М2 қосымшасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының
2004 жылдың 05 тамызындағы
№ 108/1 шешімімен

Б е к і т і л д і

2004 жылдың 09 тамызынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық және Растау жүйесінің жұмыс РЕГЛАМЕНТІ

Алматы қ.

2004

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2004 жылдың 10 тамызындағы №110/2 шешімімен бекітілген;
- 2004 жылдың 10 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгерту мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2004 жылдың 08 желтоқсанындағы №154/0 шешімімен бекітілген;
- 2004 жылдың 05 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы №2/3 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы №4/1 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 24 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 16 мамырындағы №62/1 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 17 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 09 маусымындағы №75/2 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 10 маусымындағы №76/0 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 24 қарашасындағы №155/1 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 01 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2006 жылдың 04 қаңтарындағы №1/2 шешімімен бекітілген;
- 2006 жылдың 05 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 10 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы №36/0 шешімімен бекітілген;
- 2006 жылдың 09 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы №36/1 шешімімен бекітілген;
- 2006 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 12 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2006 жылдың 20 қазанындағы №161/1 шешімімен бекітілген;
- 2006 жылдың 23 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

13. № 13 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2007 жылдың 22 қаңтарындағы №10/1 шешімімен бекітілген;
- 2007 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 14 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2007 жылдың 05 қарашасындағы №159/4 шешімімен бекітілген;
- 2007 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 15 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы №2/1 шешімімен бекітілген;
- 2008 жылдың 08 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 16 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 25 тамызындағы №111/0 шешімімен бекітілген;
- 2008 жылдың 25 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.
- осы шешімнің 2 тармағына сәйкес "жоғарыда аталған өзгертудің күші, оның іске қосылуына дейінгі пайда болған қарым-қатынастарға тарайды".

17. № 17 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 08 желтоқсанындағы №170/6 шешімімен бекітілген;
- 2008 жылдың 25 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

18. № 18 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 11 желтоқсанындағы №172/1 шешімімен бекітілген;
- 2008 жылдың 29 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

19. № 19 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы №1/2 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 12 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

20. № 20 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 22 мамырындағы №86 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 25 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

21. № 21 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 29 мамырындағы №99 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 01 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

22. № 22 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 05 маусымындағы №113 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 05 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

23. № 23 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 16 маусымындағы №121 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 16 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

24. № 24 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 10 шілдесіндегі №150 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 10 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

25. № 26 толықтыру мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі №236 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 05 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

26. № 26 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 05 қазанындағы №250 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 05 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

27. № 27 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 18 қарашасындағы №321 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 18 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

28. № 28 өзгерту мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы №343 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 14 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді, 5 баптың 3 тармағының 1) тармақшасына енгізілген өзгерту, 5 баптың 3 тармағының 1-1) тармақшасына енгізілген қосымшасы, 16 бапқа енгізілген толықтырулар және 1 қосымшаның алып тасталуы – 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап іске қосылады.

29. № 29 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы №358 шешімімен бекітілген;
- 2009 жылдың 14 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

30. № 30 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 05 мамырындағы №159 шешімімен бекітілген;
- 2010 жылдың 11 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

31. № 31 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы №376 шешімімен бекітілген;
- 2010 жылдың 29 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

32. № 32 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 09 қарашасындағы №390 шешімімен бекітілген;
- 2010 жылдың 10 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

33. № 33 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2011 жылдың 06 қыркүйегіндегі № 161 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 12 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

34. № 34 толықтыру мен өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2011 жылдың 27 қазанындағы № 192 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 21 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

35. № 35 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2011 жылдың 28 желтоқсанындағы № 239 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 29 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Регламент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) өткізетін сауда-саттығында (Биржада айналысқа жіберуге) рұқсат етілген қаржы құралдарының сауда-саттығы және Растау жүйесінің жұмыс тәртібінің негізгі параметрлерін анықтайды.

Глава 1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап.

Түсініктер

1. Осы Регламентте пайдаланылған түсініктер келесіні білдіреді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) **"баға ауытқуының шектелімі"** – өтінім бағасының ауытқу шектелімі қандай да бір өлшемге жеткенде, немесе асқанда, осы Регламентке және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына, Биржалық кеңес немесе Биржа Басқармасының шешімдеріне, сауда-саттық жүйесінің баптауларына сәйкес белгілі бір оқиға немесе белгілі бір жағдай орын алады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) **"лот"** – қаржы құралдарының сауда-саттық бірлігі; оның сауда-саттық бірлігінің санына осы қаржы құралы бойынша өтінімнің көлемі тең немесе еселі болуы тиіс;
 - 2–1) **"Биржа маклері"** – сауда-саттықты ұйымдастырып, өткізу бойынша қызмет атқаратын, Биржаның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 3) **"нәтижелі сауда-саттық сессиясы "** – қандай да бір қаржы құралы бойынша өткізілген сауда-саттық сессиясының барысында осы қаржы құралымен ең болмаса бір мәміле жасалғаны;
 - 4) **"сауда-саттық жүйесі "** – қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық жүйесі;
 - 5) **"сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы"** – қандай да бір шешім қабылдау немесе әрекет жасау, немесе басқа да мақсаттар үшін қолданылатын, суреттеу мақсатында қолданылатын сауда-саттық сессиясының сипаттамасының бірі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Регламентте қолданылған басқа түсініктер Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген түсініктерге ұқсас.
3. Осы Регламенттің мақсаттары үшін:
 - 1) қаржы құралдары деп тек Биржада айналысқа жіберуге рұқсат етілген қаржы құралдарын түсіну керек;
 - 2) сауда-саттық деп тек Биржа өткізетін сауда-саттықты түсіну керек;
 - 3) мәмілелер деп тек қаржы құралдарымен сауда-саттықта жасалған мәмілелерді түсіну керек;
 - 4) өтінім деп тек мәмілеге отыруға өтінімдерді түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 5) "өтімді" акциялар деп өтімді бағалы қағаздар тізіміне¹ енгізілген акцияларды түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;

¹ Бұл тізім Бағалы қағаздар өтімділігі көрсеткішін анықтау Әдістемесіне сәйкес құрылады *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

- 6) "өтімсіз" акциялар деп өтімсіз бағалы қағаздар тізіміне¹ енгізілген акцияларды түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

2 бап. Сауда-саттық регламенті туралы түсінік

1. Сауда-саттық регламенті деп оны өткізудің негізгі параметрлерін түсіну керек, оған:
 - 1) сауда-саттық өткізу орны;
 - 2) сауда-саттық өткізу уақыты;
 - 3) сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі;
 - 4) лот көлемі;
 - 5) қаржы құрал бағасының өлшем бірлігі;
 - 6) сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы;
 - 7) баға ауытқудың шектелімі;
 - 8) сауда-саттық өткізудің қосымша әдісі;
 - 9) сауда-саттықтың резервтегі әдісі;
 - 10) ерекше жағдайлар және сауда-саттық өткізудің негізгі параметрлерін қолдануды шектеу кіреді.
2. Сауда-саттық өткізу орны осы Регламенттің 3 бабына сәйкес анықталады.
3. Сауда-саттық уақыты осы Регламенттің 4 бабында және 2-8 тарауларында анықталады.
4. Сауда-саттықтың негізгі әдісі осы Регламенттің 5 бабына сәйкес анықталады.
5. Лот көлемі (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), қаржы құралдары бағасының өлшем бірлігі, сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы, сауда-саттықтың қосымша және резервтегі әдістері осы Регламенттің 2-8 тарауларында белгіленген *(осы абзац Биржа Басқармасының 2004 жылдың 08 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған)*.

Егер сауда-саттық тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілсе, "лот" деген ұғым қолданылмайды; өтінімдер көлемі, демек, мәміленің көлемі де, сауда-саттыққа қатысушылардың өзара келісімімен анықталады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2004 жылдың 08 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.
6. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2004 жылдың 08 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған)*.

3 бап. Сауда-саттық өткізу орны

1. Сауда-саттық өткізудің негізгі орны сауда-саттық жүйесі болып табылады, онымен жұмыс жасау:
 - 1) Биржаның сауда-саттық залындағы жұмыс орындарынан;
 - 2) алыстан кіру тәртібінде (соның ішінде ақпараттарды бағдарламалық-криптографиялық құралдармен қорғауды қолдану арқылы) жүзеге асырылады.
2. Егер сауда-саттықты сауда-саттық жүйесінде өткізу мүмкін болмаса, сауда-саттық Биржаның сауда-саттық залында, немесе биржа Президенті, немесе сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін биржаның Вице-президенті арнайы белгілеген жерде, дауысқа салу тәсілімен жүзеге асырылады.

3. Сауда-саттыққа қатысушы - Биржа мүшелерінің сауда-саттық өткізілетін жаңа орынға сауда-саттық басталар алдында жетуін қамтамасыз ету мақсатында, сауда-саттыққа қатысушы – Биржа мүшелері сауда-саттық өткізу орнының өзгеруі туралы сауда-саттық жүйесі немесе өзге де қолжеткізерлік тәсілдермен хабарландырылуы тиіс.

4 бап. Сауда-саттық өткізу уақыты

1. Осы Регламенттің 2-8 тарауларында қаржы құралдарының әр тобына бөлек белгіленгендей (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгеннен басқа), сауда-саттық әр жұмыс күні² сауда-саттық күні бойы өткізіледі.
Қаржы құралының жалғыз сатушысымен немесе сатып алушысымен сауда-саттық заты болып табылатын қаржы құралы бойынша сауда-саттық күні (осы сауда-саттықтар "Мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы Ереже" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленгендей), осы сауда-саттық заты болып табылатын қаржы құралдарының тобына белгіленген сауда-саттық күнінен өзгеше болуы мүмкін (*осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 25 тамызындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Шетел валютасы бойынша өткізілетін сауда-саттық күні, осы Регламенттің 7 бабында белгіленгендей, бөлек сауда-саттық сессияларына бөлінеді.
Шетел валютасынан өзгеше қаржы құралдарының сауда-саттық күндері бөлек сауда-саттық сессияларына бөлінбейді: осындай қаржы құралдары бойынша сауда-саттық, ұзақтығы сауда-саттық күнмен тең, бір сауда-саттық сессиясы аралығында жүзеге асырылады.
3. Сауда-саттық өткізу уақытын Биржа Президенті немесе сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржаның Вице-президенті мынадай жағдайларда өзгертуі мүмкін:
 - 1) сауда-саттық өткізгенде қолданылатын бағдарл тәсілдік-техникалық құралдардың істен шығуы немесе өзге де, сауда-саттықты әдеттегі тәртіпте өткізуге кедергі болатын, тосын жағдайларда;
 - 2) осы Регламенттің 3 бабының 2 тармағына сәйкес, сауда-саттық өткізу орнын өзгерту.
4. Сауда-саттыққа қатысушы - Биржа мүшелері сауда-саттықтың уақыты мен өткізілетін орнының өзгеруі туралы сауда-саттық жүйесі арқылы және басқа да қол жеткізерлік тәсілдермен ескертіледі.

4-1 бап. Қайталап мәмілеге отырудың уақытын шектеу

Егер Биржаның ішкі құжаттарымен алдында жасалған, бірақ орындалмаған мәмілелердің орнына және олардың шарттары бойынша, қайталанатын (соның ішінде, қайталанатынды қосарландыратын) мәмілелер жасасуға рұқсат етілсе, осындай қайталанатын мәмілелер тиісті қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізу уақыты аяқталғаннан кейін, бірақ Растау жүйесінің жұмысы аяқталғанға дейін, жасалуы мүмкін.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2005 жылғы 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген).

² Осында және бұдан әрі жұмыс күні деп Қазақстан Республикасында жұмыс күні деп танылған күн тұспалданады (осы Регламенттің 2 сілтемесіндегі "жұмыс күн" ұғымынан басқа жағдайда) (*осы сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

5 бап. Сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі

1. Қаржы құралдардың кейбір топтарына осы Регламенттің 2-8 тарауларымен және Биржаның ішкі құжаттарымен басқасы белгіленбесе, сауда-саттықтың негізгі әдісі үздіксіз қарсылама аукцион болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде Биржаның ішкі құжаттарымен немесе сауда-саттық жүйесінің баптауларымен алдын-ала өтінімдер беру, демек, Биржа сауда-саттық сессиясы басталғанға дейін қабылдайтын өтінімдерді беру мүмкіншілігі белгіленуі мүмкін.

Алдын-ала өтінімдерді Биржа сауда-саттық өткізілетін күні Алматы уақытымен 11.05-тен бастап қабылдайды *(бұл абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 28 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Алдын ала өтінімдерді беру сауда-саттық қатысушысының алдын ала өтінімде күн сайын қалыптастыру мүмкіндігін көрсете отырып, осындай өтінімді беруі арқылы автоматты тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін.

Алдын ала өтінімнің қолданыста болу мерзімі бойы, күн сайын, Алматы уақытымен 11:05-те Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарды сатып алуға және/немесе сатуға берілген алдын ала өтінімдер автоматты тәсілмен қалыптастырылады *(бұл абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 28 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген, сауда-саттық қатысушыларының өтінімдердің қамтылуын тексеруді жүзеге асыру жағдайында, өтінімдердің қамтылуын алдын ала тексеру сауда-саттық жүйесіне, соның ішінде автоматты тәсілмен беру сәтінде жүзеге асырылады

(Аталмыш тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен енгізілген және 2011 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).

3. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін бағалы қағаздардың (акциялардың және облигациялардың) сауда-саттығы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*:

- 1) егер Биржада айналысқа жіберілген акцияларды сатуға және сатып алуға өтінімдер бір-біріне дәл келсе немесе қиылысса, осы акциялармен жасалатын болжамды мәміленің бағасы соңғы мәміледен "өтетін" акциялар бойынша 10 %-ға, ал "өтімсіз" акциялар бойынша 5 %-ға айырмашылығы болса;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 10 маусымындағы, 2006 жылдың 20 қазанындағы, 2007 жылдың 22 қаңтарындағы, 2007 жылдың 05 қарашасындағы, 2009 жылдың 22 және 29 мамырындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

- 1-1) егер Биржада айналысқа жіберілген акцияларды сатуға және сатып алуға қарсылама өтінімдердің бағасы дәл келсе немесе қиылысса, осы акциялар бойынша 5 күнтізбелік және одан да көп уақыт бойы мәмілелер жасалмаса *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 1-2) егер Биржада айналысқа жіберілген акцияларды сатуға және сатып алуға қарсылама өтінімдерде көрсетілген бағалары дәл келсе немесе қиылысса *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*;

- 2) сатуға және сатып алуға алдын ала қарсылама өтінімдерінде көрсетілген бағалардың дәл келу және қиылысу жағдайында аялдау тәртібіне ауыстырылып, франкфурттық сауда-саттық әдісімен өткізіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

4. Сауда-саттық жүйесіндегі үздіксіз қарсылама аукционы тәртібінде өткізілетін сауда-саттықтарды аялдау тәртібіне ауыстырғанда *(Осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 09 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған):*

- 1) аялдау тәртібінің минималды ұзақтығы 10 минут, максималдысы – 20 минут (осы тармақтың 3 тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 09 маусымындағы шешімімен толықтырылып, Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы шешімімен өзгертіліп, Биржа Басқармасының 2008 жылдың 09 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған);*

- 2) аялдау тәртібі (осы Регламентпен белгіленген сауда-саттық сессиясының ұзақтығын шектеуді ескере отырып), осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген аялдау тәртібінің максималды ұзақтығының және 3) тармақшасында белгіленген ерекшеліктің болу сәтінен кейін бес минуттан соң аяқталады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2005 жылдың 09 маусымындағы және 2008 жылдың 09 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген):*

сауда-саттықтың аялдау тәртібінде болу кезінде Биржа қабылдаған өтінімдердің соңғысын қабылдағаннан соң;

сауда-саттықтың аялдау тәртібінде болу кезінде қандай да бір өтінімнің күші біржола жойылғаннан кейін;

сауда-саттықтың аялдау тәртібінде болу кезіндегі қандай да бір өтінімнің шарттарын соңғы рет ауыстырғаннан кейін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 09 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*

- 3) егер осы тармақтың 1) және 2) тармақшасына сәйкес аялдау тәртібінің ұзақтығы 11 минуттан 18 минутқа дейін деп білгеленсе, аялдау тәртібі дәл осы ұзақтыққа сәйкес аяқталуы тиіс;

егер осы тармақтың 1) және 2) тармақшасына сәйкес аялдау тәртібінің ұзақтығы 18 минуттан 20 минутқа дейін деп білгеленсе, аялдау тәртібі дәл осы ұзақтылыққа сәйкес, сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды таңдау әдісімен анықталған, ерікті уақытта аяқталуы тиіс.

(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 09 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

5. Қаржы құралдарының белгілі бір топтарының сауда-саттығын үздіксіз қарсылама аукционы әдісімен өткізгенде, жұмыс күннің соңында сауда-саттық күннің жабылу бағасының репрезентативті мәнін құрастыру мақсатында, осы Регламентпен немесе сауда-саттық жүйесінің баптауларымен сауда-саттықты франкфурттық сауда-саттықтар әдісіне ауыстыру мүмкіншілігі белгіленуі мүмкін (бұдан әрі – жабылу аукционы) *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 05 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

6. Жабылу аукционын өткізген жағдайда *(осы абзац Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 05 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
- 1) осындай аукцион күнде (әр жұмыс күні) сауда-саттық күннің соңынан 15 минут бұрын ашылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 05 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) жабылу аукционының ұзақтығы кемінде 13 минут және 15 минуттан аспауы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 05 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) жабылу аукционы, сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды таңдау әдісімен белгіленген кез келген сәтте аукцион өткізудің 14-ші минутынан 15-ші минутына дейінгі уақытта аяқталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 4) сауда-саттық күннің аяқталуы жабылу аукционының аяқталуымен қатар жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 5) жабылу аукционының басталуына дейін және оның барысында берілген өтінімдердің күші жойылып, сонымен қатар, олардың шарттары да өзгертілуі мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

5-1 бап.

Баға ауытқудың шектелімдері

1. Баға ауытқудың шектелімі:
 - 1) ескертушілік;
 - 2) еңсеруге болатын;
 - 3) қатаң (еңсерілмейтін) болып бөлінеді.
2. Баға ауытқуларының ескертушілік шектелімі сауда-саттық жүйесіне өтінімдерды теріп енгізгенде техникалық қателерден сақтану үшін сауда-саттық жүйесінің баптауларымен орнатылады.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқудың ескертушілік шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырылса, сауда-саттық жүйесі тиісті ескерту хабарламасын береді, оны осы тапсырысты берген сауда-саттыққа қатысушысы елемей, немесе осы өтінімді түзетуге пайдалануы мүмкін.

3. Баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімдері сауда-саттық жүйесінде Биржалық кеңес немесе Биржа Басқармасының шешімдерімен сауда-саттыққа қатысушыларды сауда-саттық жүйесіне өтінімдерды теріп, енгізуде немесе басқа да жағдайларда, техникалық қателерден сақтандыру мақсатында орнатылады.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырғанда, сауда-саттық жүйесі осы өтінімді қабыл алмайды (осы өтінімді қабылдаудан бас тартады) да, тиісті хабарлама береді.

Айтылмыш шектелімнен зерделі түрде асыру қажеттілігі болғанда, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы Биржа маклеріне, немесе оның орнындағы тұлғаға, айтылмыш шектелімді алып тастау немесе көтеру туралы өтініш жасауға құқылы. Биржа маклері осындай өтінішті қанағаттандырмауға құқығы жоқ, бірақ сауда-саттыққа қатысушылардың барлығын айтылмыш

шектелімнің алып тасталуы немесе көтерілуі туралы міндетті түрде алдын ала хабарлайды.

4. Баға ауытқудың қатаң (еңсерілмейтін) шектелімдері Биржа кеңесінің немесе Биржа Басқармасының шешімімен, өтінімдер бағасының рұқсат етілетін ауқымын белгілеу немесе өзге де мақсаттарда бекітіледі.

Егер сауда-саттық жүйесіне енгізілетін өтінімнің параметрлері қандай да бір баға ауытқудың қатаң (еңсерілмейтін) шектелімін бұзушылықпен жүзеге асырылғанда, сауда-саттық жүйесі осы өтінімді қабылдамайды (осы өтінімді қабылдаудан бас тартады) да, тиісті хабарлама береді.

Биржа маклері айтылмыш шектелімді орнатқан Биржаның тиісті органының рұқсатысыз осы шектелімді алып тастауға немесе көтеруге құқы жоқ.

5. Баға ауытқудың еңсеруі келетін және қатаң (еңсерілмейтін) шектелімдері осы Регламенттің 2-5 тарауларында берілген.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

6 бап. Игерілмейтін күштер жағдайларының орын алу салдары

Биржада қаржы құралдарын әдеттегі тәртіпте айналысқа жіберуге кедергі болатын, игерілмейтін күштер жағдайлары орын алған кезде, олар - Биржа тарапынан саналы бақылауына жатпайтын кез келген төтенше жағдайлар, соның ішінде, бірақ тек аталғандар ғана емес, соғыс жағдайы, әскери немесе террорлық әрекеттер, мемлекеттік органдардың әрекеттері мен мемлекеттік төңкеріс, өрт, дүлей апаттар және басқа да Биржа алдын ала болжай алмаған, әдеттегі тәртіпте мәмілелерді жасауға және орындау мүмкіншілігіне кедергі болған және тікелей ықпал еткен жағдайлар ұғынылып, бұл жағдайда Биржа Президенті немесе сауда-саттық жүргізуге жетекшілік ететін Биржаның Вице-президенті, осы Регламентте белгіленген сауда-саттықтың және Растау жүйесі жұмысының негізгі параметрлерінен өзгесін белгілеуге құқылы.

2 тарау. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

7 бап. Сауда-саттық күні

1. Шетел валюталары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.15-те басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады да, үш сауда-саттық сессиясына бөлінеді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы шешімімен өзгертілген):*

- 1) таңертеңгі сессия – Алматы уақытымен 10.15-тен 11.00-ге дейін;
- 2) күндізгі сессия – Алматы уақытымен 11.30-дан 15.30-ға дейін *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);*
- 3) кешкі сессия – Алматы уақытымен 11.30-дан 17.00-ге дейін *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы және 2009 жылдың 06 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Осы Регламенттің 8-10 баптарында қай шетел валютасы қай сауда-саттық сессиясында саудаланатыны белгіленген.

Қандай да бір шетел валютасының сауда-саттығын бірнеше сессиямен өткізгенде, осы сауда-саттық сессиясының қайсысы осы шетел валютасына негізгі ал қайсысы (қайсылары) – қосымша болатыны осы Регламентте белгіленеді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

8 бап. АҚШ долларымен сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

1. АҚШ долларына теңгемен есептесіп, есептесу мерзімдеріне сәйкес саудаланады T+0³, T+1 и T+2 (бұдан әрі "USDKZT_TOD", "USDKZT_TOM" және "USDKZT_SPT"⁴ деп белгіленеді) *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. USDKZT_TOD таңертеңгі және күндізгі сауда-саттық сессияларында саудаланады, онда негізгі таңертеңгілік сессия болса, ал күндізгі сессия - қосымшасы болып табылады (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
USDKZT_TOM және USDKZT_SPT кешкі сауда-саттық сессиясында саудаланады (осы баптың 3 және 4 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Егер қандай да бір себептермен (мерекелік күндер, игерілмейтін күштер жағдайлары немесе басқа да мүмкін болатын себептермен) Биржаның АҚШ доллары бойынша банк-корреспонденттері сауда-саттық күні АҚШ долларымен есептеспесе, бірақ есептесуді сауда-саттық күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырса:
 - 1) USDKZT_TOD сауда-саттығы өткізілмейді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) USDKZT_TOM сауда-саттығы таңертеңгі және кешкі сессияларында өткізіледі, олардың таңертеңгі сессиясы – негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы және 2009 жылдың 06 қаңтарындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Егер қандай да бір себептермен (мерекелік күндер, игерілмейтін күш жағдайлары немесе басқа да мүмкін болатын себептермен) Биржаның АҚШ доллары бойынша банк-корреспонденттері сауда-саттық күні және сауда-саттық күнінен кейінгі келесі жұмыс күні АҚШ долларымен есептеспесе, бірақ есептесуді сауда-саттық күнінен кейінгі екінші жұмыс күні жүзеге асырса:
 - 1) USDKZT_TOD және USDKZT_TOM сауда-саттығы өткізілмейді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) USDKZT_SPT сауда-саттығы таңертеңгі және кешкі сессияларында өткізіледі, олардың таңертеңгі сессиясы – негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы, 2009 жылдың 06 қаңтарындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

³ Әлемдік практикада биржалық мәмілелер бойынша (биржалық мәмілелерді орындау) есептесулер мерзімдерін белгілеу "T+n" жазбасы түрінде жалпы қабылданған, мұнда T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, ал n – айтылмыш биржалық сауда-саттық күні мен осы мәміле бойынша есептеулер жасалған күн арасындағы үзіліс ұзақтығы (жұмыс күнмен есептелген) *(осы сілтеменің реттік саны Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

⁴ Биржа Басқармасының 2004 жылдың 10 ақпанындағы №19/0 шешімімен бекітілген "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін, қаржы құралдарын және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы Нұсқаулығын қараңыз *(осы сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

5. АҚШ долларының сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі:
 - 1) USDKZT_TOD сауда-саттығын өткізгенде – 50.000 АҚШ долларын *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы және 2010 жылдың 05 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген);*
 - 2) USDKZT_TOM және USDKZT_SPT сауда-саттығын өткізгенде – 100.000 АҚШ долларын құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы шешімімен толықтырылып, 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы және 2010 жылдың 05 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген).*
6. АҚШ доллары бойынша сауда-саттық өткізгенде оның бағасы әр АҚШ долларына қазақстандық теңгемен, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл есептеледі⁵.
7. АҚШ доллары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде:
 - 1) USDKZT_TOD бойынша – соңғы нәтижелі таңертеңгі сессиясында АҚШ долларымен жасалған мәмілелердің барлығының орта өлшеулі бағасы (есептесу мерзімдеріне қарамастан) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 2) USDKZT_TOM немесе USDKZT_SPT бойынша – осы сауда-саттық сессиясында USDKZT_TOM-мен немесе USDKZT_SPT-мен жасалған бірінші мәміленің бағасы (осы тармақтың 3) тармақшасымен белгіленген жағдайдан басқа) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 3) осы баптың 3 немесе 4 тармақтарына сәйкес таңертеңгі және кешкі сессияларында саудаланатын USDKZT_TOM немесе USDKZT_SPT бойынша, - соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында АҚШ долларымен жасалған барлық мәмілелердің орта өлшеулі (есептесу мерзімдеріне қарамастан) бағасы қолданылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).*
8. Биржа Басқармасының 2006 жылдың 21 ақпанындағы шешімімен, USD_TOD бойынша, сонымен қатар, USD_TOM немесе USD_SPT бойынша баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміленің 0,5 % көлемінде белгіленген (реті бойынша бірінші мәміле жасалғанға дейін – сауда-саттық сессиясының ашылу бағасынан) *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы және 2009 жылдың 16 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*
9. АҚШ долларымен сауда-саттық жүргізудің қосымша әдістері белгіленбеген.
АҚШ долларының сауда-саттығын жүргізудің резервтегі әдісі (есептесу мерзімдеріне қарамастан) фиксинг әдісі болып табылады.
10. Егер АҚШ долларының сауда-саттық күні мен есептесуді жүзеге асыру (жұмыс күнмен) күні арасындағы үзіліс ұзақтығы үш жұмыс күн және одан да көп болса, осы сауда-саттықты өткізу регламентінің ерекшеліктерін Биржа Президенті немесе сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржаның Вице-президенті белгілейді де, АҚШ долларының сауда-саттығына қатысушы - Биржа мүшелерінің назарына сауда-саттық жүйесі арқылы немесе басқа да тәсілдермен жеткізіледі.

⁵ Биржалық кеңес және валюталық нарық жөніндегі Биржалық кеңес комитетінің бірлесіп қабылдаған шешіміне сәйкес (1999 жылдың 07 сәуіріндегі №1 хаттама) *(сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

9 бап.

Еуро сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Еуро теңгемен және АҚШ долларымен есептесіп, T+0, T+1 и T+2 есептесу мерзімдеріне сәйкес саудаланады. Теңгемен есептесетін еуро және оның есептесу мерзімдері бұдан әрі "EURKZT_TOD", "EURKZT_TOM" және "EURKZT_SPT"⁴ деп белгіленген. АҚШ долларымен есептесетін еуро және есептесу мерзімдеріне сәйкес бұдан әрі "EURUSD_TOD", "EURUSD_TOM" және "EURUSD_SPT"⁴ деп белгіленген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. EURKZT_TOD және EURUSD_TOD таңертеңгі және күндізгі сауда-саттық сессияларында саудаланып, олардың таңертеңгі сессиясы – негізгі, ал күндізгі сессиясы – қосымша (осы баптың 3-1 тармақтарымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) болып табылады.

EURKZT_TOM, EURUSD_TOM, EURKZT_SPT және EURUSD_SPT кешкі сауда-саттық сессиясында (осы баптың 3-1 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) саудаланады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы, 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы және 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

3. Егер қандай да бір себептермен (мерекелік күндер, игерілмейтін күштер жағдайлары немесе басқа да мүмкін болатын себептермен) Биржаның еуро бойынша банк-корреспонденттері қандай да бір жұмыс күні еуромен есептесуді жүзеге асырмаса, Биржа еуро бойынша (есептесу валютасына қарамастан), мерзімі сол күні есептесуге тиіс сауда-саттықты өткізбейді.

Егер қандай да бір себептермен Биржаның еуро бойынша банк-корреспонденттері қандай да бір жұмыс күні АҚШ долларымен есептесуді жүзеге асырмаса, Биржа еуро бойынша АҚШ долларымен есептесу және мерзімі сол күні есептесуге тиіс сауда-саттықты өткізбейді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы, 2009 жылдың 06 қаңтарындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

3–1. Егер осы баптың 3 тармағына сәйкес Биржа сауда-саттық өткізбесе:

1) EURKZT_TOD бойынша, бірақ EURKZT_TOM бойынша сауда-саттық өткізілсе, онда EURKZT_TOM бойынша сауда-саттықтар таңертеңгі және кешкі сауда-саттық сессияларында өткізіледі, олардың таңертеңгісі негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады;

2) EURUSD_TOD бойынша, бірақ EURUSD_TOM бойынша сауда-саттық өткізілсе, онда EURUSD_TOM бойынша сауда-саттық таңертеңгі және кешкі сауда-саттық сессияларында өткізіліп, таңертеңгісі негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады;

3) EURKZT_TOD және EURKZT_TOM бойынша, бірақ EURKZT_SPT бойынша сауда-саттық өткізілсе, онда EURKZT_SPT бойынша сауда-саттық таңертеңгілік және кешкі сауда-саттық сессияларында өткізіліп, таңертеңгісі негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады;

4) EURUSD_TOD және EURUSD_TOM бойынша, бірақ EURUSD_SPT бойынша сауда-саттық өткізілсе, онда EURUSD_SPT бойынша сауда-саттық таңертеңгілік және кешкі сессияларында өткізіліп, таңертеңгісі негізгі, ал кешкісі – қосымша болып табылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).

4. Еуро сауда-саттығында лот көлемі:

1) EURKZT_TOD және EURUSD_TOD сауда-саттығында – 50.000 еуро;

- 2) EURKZT_TOM, EURKZT_SPT, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT сауда-саттығында – 100.000 еуроны құрайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 05 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

5. Еуро сауда-саттығын өткізгенде, оның бағасы әр еуроға есептесу валютасымен өлшенеді:
 - 1) EURKZT_TOD, EURKZT_TOM және EURKZT_SPT – үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіліп, теңгемен;
 - 2) EURUSD_TOD, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT – үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіліп, АҚШ долларымен.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

6. Әр бір қаржы құралы бойынша - EURKZT_TOD, EURKZT_TOM, EURKZT_SPT, EURUSD_TOD, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT – сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы қаржы құралымен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
7. Еуро сауда-саттығын өткізгенде баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміленің бағасынан 3 % көлемінде бекітілген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 16 маусымындағы және 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).*
8. Еуро сауда-саттығын өткізудің қосымша әдістері белгіленбеген.
Еуро сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.
9. Егер қандай да бір себептерге байланысты Биржаның еуро және/немесе АҚШ доллары бойынша үш жұмыс күн қатарынан еуро және/немесе АҚШ долларымен есептесуді жүзеге асырмаса (мерекелік күндер, игерілмейтін күштер жағдайы немесе басқа жағдайда), еуро сауда-саттығын өткізу регламентінің ерекшеліктерін Биржа Президенті немесе сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржаның Вице-президенті белгілеп, еуро сауда-саттығына қатысушы - Биржа мүшелеріне сауда-саттық жүйесі арқылы немесе басқа да тәсілдермен хабарланады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

10 бап.

Ресей рублі сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Ресей рублі тек T+0 есептесумен ғана саудаланады.
2. Ресей рублі таңертеңгі сауда-саттық сессиясында (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) саудаланады.
3. Егер қандай да бір себептермен (мерекелік күндері, игерілмейтін күштер жағдайында немесе басқа да мүмкін болатын себептермен) Ресей рублі бойынша Биржаның банк-корреспонденттері сауда-саттық күні Ресей рублімен есептесуді жүзеге асырмаса, Ресей рублі бойынша сауда-саттық өткізілмейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 06 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған).*
4. Ресей рублі бойынша сауда-саттықтың лоты 100.000 Ресей рублін құрайды.
5. Ресей рублі бойынша сауда-саттық өткізгенде оның бағасы әр рубльге қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

6. Ресей рублі бойынша өткізілетін сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
7. Ресей рублі үшін баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі соңғы мәміле бағасының 3 % көлемінде бекітілген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 16 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Ресей рублі бойынша сауда-саттықтың қосымша әдістері белгіленбеген.
Ресей рублі бойынша сауда-саттықтың резервті әдісі фиксинг әдісі болып табылады.
9. Ресей рублі бойынша сауда-саттық өткізудің ерекшелігі – Ресей рублі бойынша маркет-мейкер болғанда мәмілелер тек өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша жасалып, ал Ресей рублі бойынша маркет-мейкер болмаған кезде Биржа мүшелері Ресей рублінің сауда-саттығы барысында тұрақты баға белгілеулерді қойып, мәмілелер жасасуға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

10-1 бап. Шетел валютасы сауда-саттығының валюталық своп бөлігіндегі жеке параметрлері

1. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты болып табылатын АҚШ долларына қатысты және осы операцияларға кіретін, АҚШ долларымен жасалатын мынадай түріне қатысты:
 - 1) USDKZT_TOD немесе USDKZT_TOM жасалатын мәмілелермен, есептесу мерзімі ертерек жүзеге асырылатын (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшелікті ескеріп) мәмілелер ретінде (своп операциялары басталатын (ашылатын) мәмілелер) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) USDKZT_TOM-мен немесе USDKZT_SPT-мен жасалатын мәмілелермен, есептесу мерзімі кейінірек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операцияларын аяқтайтын (жабылатын) мәмілелер) жүзеге асырылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1–1. Валюталық своп операциялары, осы операциялардың заты болып табылатын еуроға қатысты және осы операцияларға кіретін еуромен жасалатын мәмілелердің мынадай түріне қатысты:
 - 1) EURKZT_TOD-мен немесе EURKZT_TOM-мен жасалатын мәмілелер, есептесу мерзімі ертерек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операциялары басталатын (ашылатын) мәмілелер) (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшелікті ескеріп);
 - 2) EURKZT_TOM-мен немесе EURKZT_SPT-мен жасалатын мәмілелер, есептесу мерзімі кейінірек жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (своп операцияларын аяқтайтын (жабатын) мәмілелер) жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).
2. USDKZT_TOM және EURKZT_TOM жасалатын мәмілелер, USDKZT_TOD және EURKZT_TOD бойынша сауда-саттық өткізілмеген күні валюталық своп операцияларын бастау (ашу) үшін қолданылуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Валюталық своп операциялары күндізгі сауда-саттық сессиясында басталады (ашылады).
4. Валюталық своп операциясының лот көлемі валюталық своп операциясының заты болып табылатын валютаның 100.000 бірлігін құрайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы және 2010 жылдың 05 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Валюталық своп операцияларын жүзеге асырғанда осындай операцияның бағасы (ол ретінде осы операцияға кіретін мәмілелердің бағасындағы айырмашылық қолданылады) қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Қандай да бір құрамдағы валюталық своп операцияларын жүзеге асырғанда сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында басталған (ашылған) осы құрамдағы валюталық своп операциясының біріншісінің бағасы қолданылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Валюталық своп операцияларын жүзеге асыруда сауда-саттық өткізудің қосымша әдістері белгіленбеген.
Валюталық своп операцияларын жүзеге асырудағы резервтегі әдісі болып фиксинг әдісі болып табылады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2008 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).

3 тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ САУДА-САТТЫҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

11 бап. Сауда-саттық күні

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады *(осы бап Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

12 бап. Тікелей мәмілелер жасасу әдісін қолдануды шектеу

Биржаның "К" санатты мүшелер жиналысының шешімімен (1999 жылдың 09 шілдесіндегі №5 хаттама) 1999 жылдың 02 тамызынан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын, Қазақстан Республикасы халықаралық бағалы қағаздар сауда-саттығынан басқа, тікелей мәмілелер жасасу әдісімен сауда-саттығын өткізуге тыйым салынады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2005 жылдың 16 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

- 1) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 16 мамырындағы шешімімен алып тасталған)*;
- 2) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 16 мамырындағы шешімімен алып тасталған)*.

12-1 бап. Баға ауытқудың шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы №34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарына баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенмен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейін

15 минуттан кешіктірмей Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге өтініш білдіруге құқылы.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

13 бап. Қазақстан Республикасы халықаралық бағалы қағаздары сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Қазақстан Республикасы халықаралық бағалы қағаздарының (бұдан әрі осы бапта – еурооблигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі 1.000 АҚШ долларын⁶ құрайды (берешек номиналында⁷).
2. Еурооблигациялармен сауда-саттық өткізгенде олардың бағасы, жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын есептемей, берешек номиналынан пайызбен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Еурооблигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы еурооблигациялармен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Еурооблигациялар сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі болып тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Еурооблигациялар сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

14 бап. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкі бағалы қағаздары сауда-саттығының⁸ жеке параметрлері

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкі бағалы қағаздары (бұдан әрі осы бапта – мемлекеттік облигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі:
 - 1) теңгемен номинацияланған мемлекеттік облигациялар бойынша – 10.000 теңге (мемлекеттік облигациялардың номиналды құны бойынша) немесе мемлекеттік облигацияның номиналды құны, бірақ кемінде 100.000 теңгені⁵
 - 2) АҚШ долларымен номинацияланған мемлекеттік облигациялар бойынша (мемлекеттік облигациялардың номиналды құны бойынша) – 100 АҚШ долларын⁵ *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 18 қарашасындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 3) арнайы ортамерзімдік қазынашылық міндеттемелер (МАОКАМ) бойынша (арнайы ортамерзімдік қазынашылық міндеттемелердің номиналды құны бойынша) – теңгемен 10 АҚШ долларына тең соманы құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 18 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*
2. Мемлекеттік облигацияларының сауда-саттығын өткізгенде олардың бағасы бір мемлекеттік облигациясының номиналды құнынан, жинақталған

⁶ Биржа мүшелерінің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес (2003 жылдың 11 сәуіріндегі №1 хаттама) *(осы сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

⁷ Халықаралық бағалы қағаздардың кейбір түрлерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарымен белгіленген ұғымдағыдай номиналды құны болмауына байланысты, осы жерде және бұдан әрі номинал деп, бағалы қағаздарды өтегенде қайтарылуы тиіс, сыйақысы осы бағалы қағазбен көрсетілген берешекке есептелінетін, берешектің негізгі ("принципті") сомасы деп ұғынылады *(осы сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

⁸ Қазақстан Республикасы халықаралық бағалы қағаздарынан басқа, олардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері осы Регламенттің 13 бабында белгіленген *(осы сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

(есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей және ескеріп (сауда-саттық жүйесінде мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы "таза" немесе "таза емес" бағамен жүзеге асырылуына байланысты) пайыздық көрсеткішпен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

Мемлекеттік облигациялардың сауда саттығы жүзеге асырылатын бағалар ("таза" және "таза емес"), Биржаның ішкі құжаттарында және мемлекеттік облигациялардың Биржада айналысқа жіберілуінің басталуына байланысты қабылданатын Биржа Басқармасының шешімдерімен анықталады *(осы бап Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

(Осы абзац Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған).

3. Қандай да бір мемлекеттік облигациялары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы мемлекеттік облигацияларымен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдістері (осы Регламенттің 12 бабындағы шектеулерге сәйкес) белгіленбеген.

Мемлекеттік облигациялар сауда-саттығының резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

15 бап. Жергілікті орындаушы органдардың бағалы қағаздары сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Жергілікті орындаушы органдардың (бұдан әрі осы бапта – муниципалдық облигациялар) бағалы қағаздары сауда-саттығының лот көлемі:
 - 1) теңгемен номинацияланған муниципалдық облигациялар бойынша – 10.000 теңгені (муниципалдық облигациялардың номинацияланған құны бойынша) немесе бір муниципалдық облигацияның номиналды құны, бірақ кемінде⁵ 100.000 теңгені;
 - 2) АҚШ долларымен номинацияланған муниципалдық облигациялар бойынша (муниципалдық облигациялардың номиналды құны бойынша) – 100 АҚШ долларын⁵ құрайды.
2. Муниципалдық облигациялар бойынша сауда-саттық өткізгенде олардың бағасы бір муниципалдық облигацияның номиналды құнынан, жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей, пайыздық көрсеткішпен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Қандай да бір муниципалдық облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы мемлекеттік облигациялардың осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы алынады.
4. Муниципалдық облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдістері (осы Регламенттің 12 бабында белгіленген шектеулерге сәйкес) белгіленбеген.

Муниципалдық облигациялар сауда-саттығының резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

4 тарау. БЕЙМЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

16 бап. Сауда-саттық күні

Беймемлекеттік бағалы қағаздары бойынша сауда-саттық күні (осы Регламенттің 17 бабының 4 тармағымен белгіленген ерекшелікті ескеріп)

Алматы уақытымен 11.30-да басталып ("өтімсіз" акциялардан басқасы, олар бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 15.00-де басталады), Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады⁹ *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2004 жылдың 10 тамызындағы шешімімен толықтырылып, Биржа Басқармасының 2006 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен өзгертіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған).*

16-1 бап. Баға ауытқудың шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы № 34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздарына (Биржа арқылы саудаланатын мемлекеттік акциялар пакетіне кіретін бағалы қағаздардан басқасы) баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенімен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейін 15 минуттан кешіктірмей Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге өтініш білдіруге құқылы.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

17 бап. Акциялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Акциялардың сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі белгіленбейді.
2. Акциялардың сауда-саттығын өткізгенде әр бір акцияның бағасы қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Қандай да бір акциялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы акциялармен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Акциялардың сауда-саттығы жабылар алдында 15 минут бұрын жабылу аукционы өткізіледі.
5. Акциялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Акциялардың сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы, 2005 жылдың 09 маусымындағы және 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген).

18 бап. Биржаның ресми тізіміне енгізілген облигациялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Биржаның ресми тізіміне енгізілген облигациялардың (бұдан әрі осы бапта – листингілік облигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі:
 - 1) теңгемен номинацияланған листингілік облигациялар бойынша – 10.000 теңге (листингілік облигациялардың номиналды құны бойынша) немесе әр бір листингілік облигациясының номиналды құны, бірақ кемінде 100.000 теңгені⁵;
 - 2) АҚШ долларымен номинацияланған листингілік облигациялар бойынша (листингілік облигациясының номиналды құны бойынша немесе берешек номиналында) – 100 АҚШ долларын⁵ құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

⁹ Биржалық кеңестің шешіміне сәйкес (1999 жылдың 09 қарашасындағы № 16 хаттама) *(сілтеменің сандық қатары Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

- 3) басқа шетелдік валюталарда номинацияланған листингілік облигациялар бойынша (листингілік облигациялардың номиналды құны бойынша) – Басқарма шешімінде белгіленген, мөлшерді және валютаны құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

Бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасында немесе эмиссиялық құжатта басқа мөлшер қарастырылса, Басқарма шешімімен лот мөлшері өзгертілуі мүмкін *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

2. Листингілік облигациялармен сауда-саттық жүргізгенде олардың бағасы бір листингілік облигациясының номиналды құнынан, жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей немесе ескеріп (сауда-саттық жүйесінде листингілік облигациялардың сауда-саттығы "таза" немесе "таза емес" бағамен жүзеге асырылуына байланысты) пайыздық көрсеткішпен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

Листингілік облигациялардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын бағалары ("таза" және "таза емес"), листингілік облигацияларды ресми тізімге енгізуге байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.

3. Қандай да бір листингілік облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы листингілік облигациялармен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.

4. Листингілік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Листингілік облигациялардың сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

19 бап. "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген акциялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

(Осы бап Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған).

20 бап. "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген облигациялардың сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген облигациялардың (бұдан әрі осы бапта – листингілік емес облигациялар) сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі:

- 1) теңгемен номинацияланған листингілік емес облигациялар бойынша – 10.000 теңге (листингілік емес облигациялардың номиналды құны бойынша) немесе әр бір листингілік емес облигациясының номиналды құны, бірақ кемінде 100.000 теңгені⁵;

- 2) АҚШ долларымен номинацияланған листингілік емес облигациялар бойынша (листингілік емес облигациясының номиналды құны бойынша немесе берешек номиналында) – 100 АҚШ долларын⁵ құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) басқа шетелдік валюталарда номинацияланған листингілік емес облигациялар бойынша (листингілік емес облигациялардың номиналды құны бойынша) – Басқарма шешімінде белгіленген, мөлшерді және валютаны құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

Бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасында немесе эмиссиялық құжатта басқа мөлшер қарастырылса, Басқарма шешімімен лот мөлшері өзгертілуі мүмкін *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 28 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

2. Листингілік емес облигациялармен сауда-саттық жүргізгенде олардың бағасы бір листингілік емес облигациясының номиналды құнынан, жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей немесе ескеріп (сауда-саттық жүйесінде листингілік емес облигациялардың сауда-саттығы "таза" немесе "таза емес" бағамен жүзеге асырылуына байланысты) пайыздық көрсеткішпен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

Листингілік емес облигациялардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын бағалары ("таза" және "таза емес"), листингілік емес облигацияларды "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберуге байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.

3. Қандай да бір листингілік емес облигациялар бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы листингілік емес облигациялармен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Листингілік емес облигациялардың сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Листингілік емес облигациялардың сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

21 бап. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығын өткізгенде лот көлемін Биржаға осы мемлекеттік акциялар пакетін сатушылары хабарлайды.
2. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттығын өткізгенде олардың бағасы әр акцияға қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Мемлекеттік акциялар пакетіне қатысты "ашылу бағасы" және "баға ауытқудың шектелімі" ұғымдары қолданылмайды.
4. Мемлекеттік акциялар пакетінің сауда-саттық әдісі осы мемлекеттік акциялар пакетінің сатушыларымен Биржамен келісіп белгіленеді.

5 тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

22 бап. Сауда-саттық күні

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады.

22-1 бап. Баға ауытқудың шектелімдері

Биржалық кеңес шешімімен (2007 жылдың 26 желтоқсанындағы № 34 отырыс хаттамасы) кез келген атаудағы халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел мемлекеттік бағалы қағаздарына баға ауытқудың еңсеруге келетін шектелімі осы атаулы бағалы қағаздармен жасалған мәміленің (реті бойынша біріншісіне дейін – осы атаулы бағалы қағаздармен соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің орта өлшеулі бағасынан) 30 % көлемінде бекітілген. Дегенмен, сауда-саттыққа мүдделі қатысушысы сауда-саттық сессиясы аяқталғанша дейін 15 минуттан кешіктірмей

уақытта Биржа маклеріне айтылмыш шектелімді алып тастауға немесе көтеруге етініш білдіруге құқылы.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2008 жылдың 04 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

23 бап. Халықаралық қаржы ұйымдардың бағалы қағаздары сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (бұдан әрі осы бапта – ХҚҰ облигациялары) бойынша сауда-саттық өткізгенде лот көлемі ХҚҰ облигацияларының номинацияланған валютасының 10.000 бірлігін құрайды (ХҚҰ номиналды құны бойынша немесе берешек номиналында).
2. ХҚҰ облигацияларымен сауда-саттық өткізгенде олардың бағасы әр ХҚҰ әр облигациясының номиналды құнынан немесе берешек номиналының пайызы көлемінде, жинақталған (есептеліген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Қандай да бір ХҚҰ облигациялары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы ХҚҰ облигацияларымен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. ХҚҰ облигацияларының сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

ХҚҰ облигацияларының сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

24 бап. Шетел мемлекеттік бағалы қағаздар сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Шетел мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі осы бапта – шетел мемлекеттік облигациялары) бойынша сауда-саттық өткізгендегі лот көлемі шетел мемлекеттік облигацияларының номинацияланған валютасының 10.000 бірлігін құрайды (шетел мемлекеттік облигацияларының номиналды құны бойынша немесе берешек номиналында).
2. Шетел мемлекеттік облигациялармен сауда-саттық жүргізгенде олардың бағасы бір шетел мемлекеттік облигациясының номиналды құнынан, жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысын ескермей немесе ескеріп (сауда-саттық жүйесінде шетел мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы "таза" немесе "таза емес" бағамен жүзеге асырылуына байланысты) пайыздық көрсеткішпен есептеліп, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

Шетел мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы жүзеге асырылатын бағалары ("таза" және "таза емес"), шетел мемлекеттік облигацияларды Биржада айналысқа жіберуге байланысты қабылданған Биржа Басқармасының шешімдерімен белгіленеді.

3. Қандай да бір шетел мемлекеттік облигациялары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясындағы осы шетел мемлекеттік облигацияларымен жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Шетел мемлекеттік облигацияларының сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Шетел мемлекеттік облигацияларының сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

6 Тарау. МЕРЗІМДІК КЕЛІСІМ ШАРТТАР САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

25 бап. Сауда-саттық күні

Мерзімдік келісім шарттардың сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.00-де басталып, Алматы уақытымен 15.30-да аяқталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 09 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

25-1 бап. Клирингілік сессия

Мерзімдік контракттар бойынша клирингілік сессия Алматы уақытымен 10.00-де басталып, Алматы уақытымен 15.30-да аяқталады

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 09 қарашасындағы шешімімен енгізілген).

26 бап. Мерзімдік келісім шарттар сауда-саттығының жеке параметрлері

Мерзімдік келісім шарттар сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері Биржалық кеңес бекіткен (2010 жылдың 28 мамырындағы №11 хаттамасы), мерзімдік нарықтағы клирингілік қызметті жүзеге асыру Ережелерімен, мерзімдік келісім шарттардың биржалық сауда-саттығы Ережелерімен және мерзімдік келісім шарттардың маманданымымен белгіленеді.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2010 жылдың 09 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).

7 Тарау. РЕПО НАРЫҒЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

27 бап. Сауда-саттық күні

Репо операцияларының сауда-саттық күні, репо операцияларының заты болып табылатын бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күнімен бірдей.

Репоның жабылу мәмілесін орындау дайындығы туралы хабарламаны сауда-саттық қатысушысы немесе Растау жүйесінің тұтынушысы жабылу күні 16:45-тен кешіктірмей сауда-саттық жүйесіне жолдауы тиіс *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

28 бап. Репо операциясын "тікелей" тәсілмен сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

Репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырғандағы негізгі әдісі болып мәмілелерді тікелей жасасу әдісі болып табылды; демек:

- 1) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2004 жылдың 08 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған)*;
- 2) репо ашылуы және жабылуы бағасын, сонымен қатар, репо операциясының мерзімін (репо жабылу датасын) операцияға қатысушылардың өз бетінше өзара келісімімен белгіленеді;
- 3) "ашылу бағасы" және "баға ауытқудың шектелімі" ұғымдары "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясына қатысты қолданылмайды;
- 4) "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының қосымша және резервтегі әдістері жоқ.

29 бап. Репо операцияларын "автоматты" тәсілмен жүзеге асыру сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Репо операциясын "автоматты" тәсілімен жүзеге асырғандағы лот көлемі 1.000.000 теңгені құрайды⁴.
2. Автоматты репо нарығында сауда-саттық өткізгенде репо операциясының бағасы (репо операциясының табыстылық көрсеткішін қолданады) үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.

3. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын, қандай да бір мерзімі бар репо операциялары бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде:
 - 1) егер репо операциясының заты ретінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары қолданылса (жергілікті орындаушы органдарының бағалы қағаздарынан басқа) – соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған мәмілелердің, осы мерзімдегі барлық репо операцияларының ашылу мәмілелерінен орта өлшеулі табыстылығы;
 - 2) егер репо операциялары ретінде осы тармақтың 1) тармақшасында аталған бағалы қағаздардан басқасы қолданылса, - осы мерзімдегі репо операцияларының осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші ашылу мәмілесінің көрсеткішінен табыстылығы қолданылады.
4. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларына баға ауытқудың шектелімі белгіленбеген.
5. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларын жүзеге асыру сауда-саттығының қосымша әдістері белгіленбеген.

"Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларын жүзеге асыру сауда-саттығының резервтегі әдістері белгіленбеген.

8 Тарау. ВЕКСЕЛЬДЕР САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

30 бап. Сауда-саттық күні

Вексельдер бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 11.30-да басталып, Алматы уақытымен 17.00-де аяқталады *(осы бап Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

31 бап. Вексельдер сауда-саттығының жеке параметрлері

1. Вексельдер сауда-саттығын өткізгенде лот көлемі белгіленбейді.
2. Вексельдер сауда-саттығын өткізгенде олардың әр бір вексельге бағасы қазақстандық теңгемен есептеліп, үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дәл көрсетіледі.
3. Қандай да бір вексельдер бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы қолданылады.
4. Вексельдер үшін баға ауытқудың шектелімі белгіленбеген
4. Вексельдердің сауда-саттығын өткізудің негізгі әдісі болып тікелей мәміле жасасу әдісі болып табылады.
5. Вексельдердің сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі үздіксіз қарсылама аукционы болып табылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Вексельдердің сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

9 Тарау. РАСТАУ ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

32 бап. Растау жүйесі жұмысының регламенті

1. Растау жүйесі әр жұмыс күні Алматы уақытымен сағат 11.30-дан 17.30-ға дейін жұмыс істейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2006 жылдың 07 наурызындағы және 2011 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.
2. Растау жүйесі арқылы Растау жүйесінің жұмысы аяқталғаннан кейін мәмілелердің жасалуы туралы растау хабарламалары тек Биржа Президентінің немесе сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржаның

Вице-президентінің келісімімен, егер осындай мәмілелерді орындау мүмкіншілігі бар болса, жүзеге асырылады.

33 бап. Растау жүйесі жұмысының ерекшеліктері

Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен жүзеге асырылатын сауда-саттығын өткізгенде, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысынан (сатып алушысынан) басқасының өтінімдері, қанағаттандырылғанда Растау жүйесіне қатысушылармен бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылатын, расталуға жатады; мұнда Биржа осы өтінімдердің расталуын мақұлдау немесе бас тартуын:

- 1) қаржы құралын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) аукционы өткізілгенде – Биржаның осы өтінімдерды қабылдауға белгілеген кезеңі мен осы кезең аяқталған сәттен кейін 30 минут аралығында;
- 2) бағалы қағаздарды қоса орналастыру бойынша сауда-саттық өткізілгенде, - осы өтінімдерді қабылдауға Биржа белгілеген уақыт кезеңі мен осы кезең аяқталған сәттен кейінгі 15 минутты қоса уақыт аралығында алуы тиіс.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2005 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).

Президент

А.М. Жолдасбеков

Сауда-саттық және Растау
жүйесінің жұмыс Регламентіне

1 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2007 жылдың 22 қаңтарындағы шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 мамырындағы және 05 маусымындағы шешімдерімен өзгертіліп, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).